

**Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорының қаржы жинауды жақсарту және зейнетақылар мен жәрдемақылардың төленуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 28 қарашадағы N 1600. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Еңбек министрлігі, Қаржы министрлігінің және олардың жергілікті органдарының 1995 жылғы 10 айдағы міндеттерін үйлестіру және Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына аударымдардың азаюына, зейнетақылар мен жәрдемақылардың төленуінің кешіктірілуіне, зейнетақымен қамтамасыз ету реформасының қажеттігіне байланысты шиеленіскен әлеуметтік проблемаларды шешу жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі Төралқасының кеңейтілген мәжілісінде олардың жұмысының қорытындысын талқылаудың нәтижесін ескеріп, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павлов, Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрі С.С.Әйімбетов, Қазақстан Республикасының Еңбек министрі П.И.Крепак еңбекақының, зейнетақының және жәрдемақының уақтылы төленуін қамтамасыз етпегені үшін ескертілсін.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі /  
Ә й і м б е т о в С . С . / :

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорының органдарындағы есепке алу және заңды тұлғалар мен жеке адамдарды тіркеуді толық қамту мақсатында Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына барлық төлеушілердің жарналарын салғастырып тексеруді салық инспекциясының органдарымен бірлесіп, екі апта мерзімде жүргізсін:

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына берешектердің прокуратура мен сот органдары арқылы ықтиярсыз өндіріліп алынуын қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына міндетті төлемдер бойынша берешектерінің сомасын 1996 жылдың 1 наурызына дейін аударған төлеушілердің сақтық жарналарын уақтылы төлемегені үшін 1995 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша есептелген есімді есептен шығарсын;<\*>

Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік зейнетақымен

қамтамасыз етуді реформалау, ерікті зейнетақымен қамсыздандыруды құру, зейнетақы мен материалдық-тұрмыстық жеңілдіктері ретке келтіру жөніндегі заң актілерінің жобаларын 1996 жылдың 1 ақпанына дейін мерзімде тапсырсын.

*Ескерту. 2-тармақтың 4-ші абзацына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.02.12. N 188 қаулысымен.*

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі /А.С.Павлов/  
Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бюджетте және Үкіметтің шешімдерімен қарастырылған әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру бөлігіндегі шағымдарды қарап, ұсыныстарын е н г і з с і н .

4. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:  
сақтық жарналарының толық және уақтылы түсуіне бақылау жасалуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры органдары қызметкерлерінің санын көбейту мүмкіндігін қарастырсын;  
< \* >

*ЕСКЕРТУ. 4-ші тармақтың 3-абзацы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1996.09.19. N 1149 қаулысымен.*

5 . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.04.01. N 447 қаулысымен .*

( 6 - т а р м а қ ) < \* >

*ЕСКЕРТУ. 6-шы тармақ күшін жойған - ҚР Үкіметінің 1996.07.09. N 857 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі